# QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ | WWW.FARABI.UNIVERSITY | №26 (1938) 9 ШІЛДЕ 2024 ЖЫЛ


# ҚазҰУ-да суперкомпьютер орнатылады

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің кездесуінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да суперкомпьютерді орнату туралы келісімге қол қойылды.**



Суперкомпьютер цифрлық негіздерді, жасанды интеллект технологияларын, университет қызметінің негізгі бағыттары бойынша ғылымды қажетсінетін есептеулерді жасау, IoT-объектілерді басқару және ұйымдастыру, Smart-технологиялар объектілерін басқару жөніндегі бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу және басқалар үшін пайдаланылатын болады.

Айта кету керек, ұсынылған суперкомпьютердің ең жоғары өнімділігі 1,94 PFLOPS құрайды және Орталық Азиядағы ең қуатты суперкомпьютер болады.



Суперкомпьютер бүкіл Қазақстан ғалымдарына деректердің үлкен көлемімен жұмыс істеуге, мемлекеттік органдардың түрлі жағдайларын модельдеуге және елдің IT-инфрақұрылымын дамытудағы жаңа дәуірге айналуға мүмкіндік туғызады.

**Гүл БАЯНДИНА**

# Ғарышқа микроспутник ұшырады



**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Қытай Халық Республикасының Солтүстік-батыс политехникалық университеті микроспутник арқылы ғылыми зерттеулер жүргізу бойынша келісімге қол қойды.**

Аталған келісімге Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Қазақстанға ресми сапармен келген ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің бірлескен мәлімдемесінде қол жеткізілді.

Бұл бастаманы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қазақстандық жоғары оқу орындары арасында тұңғыш рет жүзеге асырып отыр.

Ортақ жұмыс өз кезегінде ғарышты зерттеуге, білікті мамандарды даярлауға және ортақ спутниктерді әзірлеуге жол ашады. Сонымен қатар микроспутник арқылы Жерді қашықтықтан зерттеу жұмыстарын жүргізуге мол мүмкіндік береді.

Жобаның мақсаты – жер қыртысы мен мантиядағы тығыздық гетерогенділігін анықтау үшін спутниктің арнайы Жер станциясы мен тартылысты қамтитын гравиметриялық өлшеу жабдықтарын әзірлеу.

**Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ**

# Ғылыми-білім беру байланысы артады

**Астанада ШЫҰ университеттерінің «Жоғары білім беру және өндірісті интеграциялау саласындағы ынтымақтастық» атты халықаралық симпозиумы өтті.**

Ауқымды іс-шараға Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Болат Ақшолақов, ҚХР білім министрі Хуай Цзиньпэн, ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Жібек жолы университеттері альянсының хатшылығы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, Сиань Цзяотун университетінің ректоры Чжан Лицюнь, Астана IT университеті ректорының міндетін атқарушы Серік Өмірбаев және 30 жоғары оқу орнының ректорлары қатысты.

Халықаралық жиынды Жібек жолы университеттері альянсы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Сиань Цзяотун университеті мен Астана IT университеті бірлесіп ұйымдастырды.

Симпозиум жұмысын Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Болат Ақшолақов ашты. «Қазіргі уақытта дамыған мемлекеттер экономикалық әлеуетін көтеру үшін өздерінің жоғары оқу орындарын әлемдік деңгейдегі зерттеу университеттеріне айналдыруға күш салуда. Осы ретте ШЫҰ-ның жоғары оқу орындары бірлесе отырып, университеттік ғылымды дамытуға тырысып жатыр», – деді Президент кеңесшісі.




Өз кезегінде ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек соңғы жылдары Шанхай ынтымақтастық ұйымының университеттері арасындағы әріптестік қатынас жаңа деңгейге көтерілгенін жеткізді.

Іс-шара барысында ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев сөз сөйлеп, оқу ордасының ШЫҰ белсенді қатысушысы ретіндегі қызметі туралы айтты. Университет басшысы өз сөзінде әлемнің жоғары оқу орындарының халықаралық симпозиумға қатысуының маңыздылығын атап өтті.

**Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ**


2-бет
Интеграциялау саласындағы ынтымақтастық





3-бет
SAI GROUP компаниясы өкілдерімен кездесу





5-бет
Қазақстан – Әзірбайжан рухани байланысы




# Интеграциялау саласындағы ынтымақтастық

**Астана қаласында өткен «Жоғары білім беру және өндірісті интеграциялау саласындағы ынтымақтастық» атты халықаралық симпозиумында Жібек жолы университеттері альянсының (UASR) өнеркәсіп, білім, ғылым, технология салаларындағы Қытай-Қазақстан серіктестігі туралы келісіміне қол қойылды. Оның бастамашылары – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Сиань Цзяотун университеті, TBEA Co., Ltd. және Фараби технологиялық инновациялық паркі.**



Басты мақсат – жаһандық инновациялық ресурстарға қосылу және жаһандық инновациялық экожүйеге интеграциялау арқылы ғылым, технология, білім беру және адами ресурстардың үйлестірілген дамуына жәрдемдесу. Келісім шеңберінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қазақстандық жоғары оқу орындары үшін және Қытай тарапынан Сиань Цзяотун университеті байланыстырушы буын рөлін атқаратын болады. Екі университет екі елдің жоғары оқу орындарының қарым-қатынастары мен өзара іс-қимылы бойынша нақты мәселелерді тиімді шешуді бірлесіп қамтамасыз ете отырып, күнделікті байланыс пен үйлестіруге жауапты болады. Құжатта қытайлық серіктес мүшелерінің қатарына кіретін 197 кәсіпорын көрсетілген. Олардың бәрі Сиань Цзяотун университетімен, UASR мүше университеттерімен және Хуанхэ өзені бассейні университеттерінің альянсына мүше университеттермен тығыз коллаборация орнатқан. Ынтымақтастықтың қазақстандық мүшелерінің қатарына Фараби технологиялық инновациялық паркі де кірді.

**Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ**

# Сиань Цзяотун университетімен студент алмасады

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен ҚХР Сиань Цзяотун университеті өзара студент алмасу бойынша келісімге қол қойды.**



Екіжақты келісімге қол қою рәсімі Астанада өтіп жатқан Шанхай ынтымақтастық ұйымы университеттерінің халықаралық симпозиумы аясында өтті. Басты мақсат – қос елдің құқықтық білім беру деңгейін жетілдіру, заң саласында білікті мамандарды бірлесе даярлау және құқықтық білім бағытын дамыту. Бұл өз кезегінде қос білім ордасының студент, магистрант және докторанттарының еркін тәжірибе алмасуы мен қос елдің құқықтық жүйесін меңгеруге жол ашады.

Бүгінгі таңда ҚазҰУ Қытайдың 57 жоғары оқу орнымен ынтымақтастық орнатқан. Өткен жылы білім ордасында Солтүстік-батыс политехникалық университетінің (ҚХР) филиалы ашылды. Биыл 27 наурызда ҚазҰУ-дың география және табиғатты пайдалану факультетінде Шыңжаң экология және география институтымен бірлесіп қашықтықтан зондтау технологиялары және оларды қолдану бойынша ортақ зертхана (Sino-Kazakhstan Joint Laboratory for Remote Sensing Technology and Application) ашылды. Сондай-ақ бүгінде ҚазҰУ-да 558 қытайлық студент білім алуда, оқу ордасының базасында Қытайтану кафедрасы табысты жұмыс істейді.

**Айнұр АҚЫНБАЕВА**



# ШЫҰ университеттері туралы кітап тұсаукесері өтті

**Астанада «ШЫҰ-ға қатысушы елдердің жоғары білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастығы» атты кітаптың тұсаукесер рәсімі өтті. Аталған кітапты Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Сиань Цзяотун университеті бірлесіп шығарды.**

Салтанатты шараға ҚХР білім министрі Хуай Цзиньпэн, ҚР ғылым және жоғары білім вице-министрі Талғат Ешенқұлов, Жібек жолы университеттері альянсының хатшылығы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, Сиань Цзяотун университетінің ректоры Чжан Лицюнь, Астана IT университеті ректорының міндетін атқарушы Серік Өмірбаев және 30 жоғары оқу орнының ректоры қатысты.

Жинаққа Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ШЫҰ-да сөйлеген сөздері енгізілген. Сондай-ақ ШЫҰ-ға қатысушы елдердің білім-ғылым, халықаралық ынтымақтастық саласындағы ортақ табыстары мен бірлесе атқарған жұмыстары орыс, ағылшын, қытай тілдерінде баяндалған.

«Кітапқа енген мақалаларда жоғары білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың өзекті мәселелері көтеріледі. Көптеген жоғары оқу орындары ШЫҰ шеңберінде ғылым мен білім бойынша жемісті серіктестікті дамыту тәжірибесімен бөлісті. Мұндай жоба алғаш рет жүзеге асып отыр», – деді Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев.

**Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ**



# Ғылыми-инновациялық хаб құрылады

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Сиань Цзяотун университетінің президенті Чжан Лицюнь бастаған делегация жұмыс сапарымен келіп, оқу ордасының ұжымымен кездесті.**

ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаев Астанада өткен симпозиум аясында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен ҚХР Сиань Цзяотун университеті өзара студент алмасу бойынша келісімге қол қойғанын атап өтті. Ректор өз сөзінде қос университет бірлесіп ортақ ғылыми-инновациялық хаб құруға уағдаласқанын айтты.

«Құрылатын ғылыми хаб екіжақты ғалымдардың өзара байланысын нығайтуға жол ашады. Ол жерде ҚазҰУ ғалымдары жұмыс істеп, тәжірибе жинақтайды. Цзяотун университеті – Қытайдағы ғылым мен білім бойынша көшбасшы жоғары оқу орындарының бірегейі. Сонымен қатар Цзяотун университетіне ҚазҰУ-дың 100 студенті қаржысыз барып, тағылымдамадан өтуге мүмкіндік алды. Аталған бастамалардың барлығы үлкен жетістіктерге жеткізеді деп сенемін», – деді Жансейіт Қансейітұлы.

Сиань Цзяотун университетінің президенті Чжан Лицюнь екі ЖОО арасындағы тығыз қарым-қатынастың нәтижесін жоғары бағалады. Сондай-ақ ҚазҰУ-дың халықаралық аренадағы рөлі нығайып келе жатқанын атап өтті.

Кездесу барысында Жансейіт Түймебаев Сиань Цзяотун университетінің президенті Чжан Лицюньге Ғылыми кеңестің шешімімен «ҚазҰУ-дың құрметті профессоры» атағын табыстады.

**Гүл БАЯНДИНА**



# Байланысты дамыту мәселесі талқыланды

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Ислам ынтымақтастығы ұйымының Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі бас директоры Берік Арын мен жоғары оқу орнының басшылығы кездесті.**



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ислам ынтымақтастығы ұйымымен (ИЫҰ), Оңтүстікті тұрақты дамыту мақсатында ғылым және технологиялар жөніндегі комиссиямен, COMSTECH және басқалармен тығыз қарым-қатынас орнатқан.

ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев Берік Арынға Жерді қашықтықтан зондтау орталығының (ЖҚЗ) жұмысы туралы ақпар берді. Орталық мамандары ЖҚЗ деректерін пайдалана отырып, табиғат және ауыл шаруашылығы салаларындағы шөлейттену және деградация процестерінің алдын алу бойынша құмды алқаптардағы жайылымдарды басқару және мониторингілеу саласында зерттеулер мен әзірлемелер жүргізеді. Сондай-ақ жайылымдардың өнімділігін картографиялық модельдеу және болжау жұмыстарын атқарады.

Кездесу барысында тараптар өзара пікір алмасып, университет пен Ислам ынтымақтастығы ұйымы арасындағы байланысты дамыту мәселелерін талқылады.

# Серіктестікті жаңа бағытта дамыту

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Hyundai Motor Chung Mong-Koo қорының төрағасы Моосунг Чунг бастаған делегациямен кездесу өткізді.**



Жоғары оқу орнының қабырғасында құрметті меймандарды қарсы ала отырып, ҚазҰУ ректоры серіктестікті жаңа бағытта дамыту жөнінде бірнеше бастама көтерді. Атап айтқанда, Жансейіт Түймебаев өз сөзінде ТМД елдері үшін кадрлар даярлау жөніндегі бірлескен ғылыми-білім беру орталығын ашу туралы ұсынысын жеткізді.

«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің шетелдермен бірлесіп орталық ашуда мол тәжірибесі бар. Бүгінде оқу ордасының базасында Ресей, Қытай және т.б. елдермен бірге ашылған ғылыми зертханалар мен орталықтар жұмыс істейді. Қазақстан көптеген елдермен шектеседі. Сондықтан елімізде орталықтың ашылуы екі жаққа да жақсы мүмкіндік береді. Орталықта маркетолог, IT, инженерлік және аудармa ісі сияқты өзекті мамандықтар бойынша кадрлар даярланады. Дәрістер корей, ағылшын және орыс тілдерінде жүргізіледі», – деді ЖОО басшысы.

Өз кезегінде Моосунг Чунг Hyundai Motor-дың қызметі туралы айтып, екі ел арасындағы серіктестікті дамытудың маңыздылығын атап өтті.

# Бірлесіп жұмыс істеуге шақырды

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Қазақ спорт және туризм академиясының президенті Қайрат Закирьяновпен кездесті.**



Жүздесуде университет басшысы құрметті қонаққа ҚазҰУ-дың жетістіктері мен алдағы жоспарлары туралы ақпарат беріп, оқу ордасының ғылыми инфрақұрылымымен таныстырды.

Сұхбат барысында әріптестер серіктестікті арттыру бойынша пікір алмасты. Жансейіт Түймебаев академияны туризм саласы бойынша оқу ордасының география және табиғатты пайдалану факультетімен бірлесіп жұмыс істеуге шақырды.

Өз кезегінде Қазақ спорт және туризм академиясының президенті Қайрат Закирьянов ілтипат білдіргені үшін ҚазҰУ басшылығына ризашылығын жеткізіп, ынтымақтастықты арттыруға бағытталған бірқатар ұсынысын ортаға салды.

Тараптар болашақта бірлесіп жұмыс істеуге, ауқымды түрлі шараларды өткізуге уағдаласып, естелік сыйлықтар мен алмасты.

**Гүл БАЯНДИНА**



# ZTE корпорациясымен келісім

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ZTE корпорациясының аға вице-президенті Лю Цзянь бастаған делегациямен кездесу өткізді.**

Делегация құрамында ZTE корпорациясының вице-президенті Сюэ Бинь, Пекин кеңсесі үкіметімен жұмыс жөніндегі директоры Лю Сычуань, ТМД елдеріндегі корпорацияның бизнесін дамыту жөніндегі бас директоры Вэй Вэй бар.

Кездесу барысында ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев пен ZTE корпорациясының аға вице-президенті Лю Цзянь ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды.

«Оқу ордасы зерттеу университеті мәртебесіне ие. Сондықтан біз ғылыми-инновациялық жобаларға көп басымдық береміз. Осы тұрғыда Қазақстанда және Орталық Азияда технологиялар шығару, ғылыми жобаларды жүзеге асыру және суперкомпьютерлерді тиімді пайдалану үшін ZTE сияқты жетекші компаниялармен жұмыс істеу маңызды. Бүгінгі кездесу мен жасалған келісім қос тарап үшін ғана емес, мемлекеттеріміз арасында да достық қарым-қатынасты дамытудың жаңа кезеңі болады деп ойлаймын», – деді ректор.

Келіссөз соңында тараптар жасалған келісімде көрсетілген барлық бастамаларды жүйелі түрде жүзеге асыруға уағдаласып, естелік сыйлықтармен алмасты.

**Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ**



# SAI GROUP компаниясы өкілдерімен кездесу

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев SAI GROUP компаниясының негізін қалаушы әрі төрағасы Артур Ли бастап келген SAI.TECH GLOBAL CORPORATION корпорациясының өкілдерімен кездесті.**

Делегация құрамын қарсы алған ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев өз сөзінде Қазақстан мен Қытай Халық Республикасы арасында ғылыми-білім беру саласында тұрақты байланыс барын атап өтті.

Бүгінде ҚазҰУ ҚХР-дың 57 жоғары оқу орындары және ұйымдарымен қарым-қатынас орнатқан. Оның ішінде Шанхай шет тілдер университеті, Шанхай саясат және құқық университеті, Сиань Цзяотун университеті, Солтүстік-батыс политехникалық университеті, Ланчжоу университеті, Шэньчжэнь, Пекин университеттері және басқалар бар.

Өз кезегінде SAI GROUP компаниясының негізін қалаушы – төраға Артур Ли университет басшылығының қабылдауына алғысын білдіріп, QS рейтингінде әлемдегі үздік ЖОО-лар арасында 163-орында тұрған ҚазҰУ-мен серіктестікті одан әрі жандандыруға дайын екенін жеткізді.

**Айнұр АҚЫНБАЕВА**

# Қазақстанның үздік оқу орны

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттік (IQAA Ranking) рейтингінде еліміздің көпсалалы жоғары оқу орындары санатындағы Қазақстанның бірінші және үздік университеті болып танылды.**



| | | |
|---|---|---|
| Национальный рейтинг ведущих многопрофильных вузов Казахстана - 2024. Итого | | |
| Место | Наименование вуза | Итого,% |
| 1 | Казахский национальный университет имени аль-Фараби | 74.92 |
| 2 | Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова | 51.12 |
| 3 | Карагандинский университет им. академика Е.А. Букетова | 51.06 |
| 4 | Восточно-Казахстанский университет им. С. Аманжолова | 50.73 |
| 5 | Жетысуский университет им. И. Жансугурова | 50.33 |
| 6 | Каспийский университет технологий и инжиниринга им. Ш. Есенова | 49.58 |
| 7 | Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати | 41.83 |
| 8 | Международный университет Астана | 41.38 |
| 9 | Шымкентский Университет | 38.96 |
| 10 | Инновационный Евразийский университет | 38.59 |
| 11 | Каспийский общественный университет | 37.95 |
| 12 | Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова | 36.71 |
| 13 | Атырауский университет им. Х.Досмухамедова | 34.48 |
| 14 | Костанайский социально-технический университет им. академика З. Алдамжар | 34.33 |
| 15 | Западно-Казахстанский университет им. М. Утемисова | 32.28 |
| [illegible] | Международный Таразский инновационный институт им. Ш. Муртазы | 31.50 |



Бұл рейтинг келесі сауалнамаларды қамтиды: «Академиялық қызмет және жұмысқа орналасу нәтижелері», «Сараптамалық бағалау», «Жұмыс берушілер алдындағы бедел», «Студенттерді бағалау», «Түлектерді бағалау». Барлық индикаторлар бойынша ең жоғары балл жинай отырып, ҚазҰУ университеттің білім және ғылым саласындағы көшбасшылардың бірі ретіндегі жоғары беделін тағы да растайды.

Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттік рейтингі (IQAA Ranking) қазақстандық жоғары оқу орындарына өз позицияларын анықтауға, білім беру қызметтерінің бәсекеге қабілеттілік деңгейін бағалауға, жоғары оқу орнының сапалы жұмысына жәрдемдесуге, ең бастысы – білім алушылардың көп санын тартуға және жұмыс берушілер үшін тартымдылық шеңберін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Қазақстандық жоғары оқу орындарын саралау қорытындылары ресми сайтта https://iqaa-ranking.kz/ жарияланды.

# Докторанттар диплом алды

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев оқу ордасын үздік бітірген докторанттармен кездесіп, дипломдарын табыстады.**



Жүздесуде ЖОО басшысы түлектерге университеттің жетістігі туралы айтып, ғылыми әлеуетіне тоқталды. «Ағымдағы жылы ҚазҰУ айтулы жетістіктерге қол жеткізді. Университет QS халықаралық рейтингінде Топ-200 ЖОО қатарына қосылып, 163-орынға ие болды. ҚазҰУ базасында көптеген ғылыми орталықтар мен зертханалар ашылды. Ғалымдардың емін-еркін жұмыс істеулері үшін барлық жағдай жасалып жатыр. Шетелдік университеттермен байланыс артты. Бұл өз кезегінде ғалымдардың шетел ғалымдарымен бірлесіп жұмыс істеулеріне, тәжірибе алмасуларына және ортақ ғылыми жобаларды жүзеге асыруларына жол ашты», – деді ректор.

Өз сөзінде Жансейіт Түймебаев бітіруші докторанттарға жылы лебізін білдіріп, алдағы ғылыми жұмыстарына сәттілік тіледі.

«Сіздер енді PhD докторсыздар. Сіздерге артылар жүк те ауыр болмақ. Отандық ғылымды дамыту жұмыстарына белсенді араласуларыңыз қажет. Еліміздің ғылыми әлеуетін жоғарылату сіздердің қолдарыңызда», – деді ЖОО басшысы.

Кездесу барысында PhD докторанттар ҚазҰУ басшылығына ризашылықтарын жеткізіп, дәріс берген барша оқытушыларға алғыстарын айтты.



**Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ**



# Кёндон университеті әріптес

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Кёндон университетінің президенті Ли Джон бастаған делегация құрамымен кездесті.**

Жүздесуде сөз алған ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев білім ордасының қызметі мен оның жетістіктерін баяндап, университет қабырғасында шығыс тілдерін үйрену XX ғасырдың 70-жылдарынан басталу алғанын атап өтті. «Университетіміздегі шығыстану факультеті шетелдерде және еліміздің экономикасы мен сыртқы саясатының түрлі саласында сұранысқа ие шығыс тілдерін меңгерген жоғары білікті мамандар даярлайтын ірі орталық саналады. Аталған факультетте Қиыр Шығыс кафедрасы табысты жұмыс істейді», – деді ректор. Сондай-ақ университет басшысы ҚазҰУ-дың Корея елінің жоғары оқу орындарымен, институттары және ұйымдарымен түрлі саладағы ғылыми-білім беру тәжірибесіне жекелей тоқталды.

Өз кезегінде сөз алған Кёндон университетінің президенті Ли Джон ҚазҰУ басшылығының қабылдауына алғысын білдіріп, Кёндон университетінің тарихына қысқаша тоқталды. «Бүгінде 35 факультеті бар Кёндон университеті 1981 жылы құрылған. Онда 10 мыңнан астам студент білім алады, оның 20 пайызын шетелдік студенттер құрайды. Осы ретте сіздермен студент алмасу, ғылыми зерттеу жүргізу, қос диплом бағдарламалары бірлесе іске асыру бойынша әріптестік орнатуға әзірміз», – деді Ли Джон мырза.

Бүгінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Оңтүстік Кореяның 59 жоғары оқу орны және ұйымдарымен белсенді стратегиялық ынтымақтастыққа ие. Жетекші корей ғалымдары білім ордасының PhD докторанттарына ғылыми жетекшілік етуге және дәріс оқуға тартылған. Атап айтсақ, 2022 жылы ҚазҰУ-ға Сунмен университетінің үш профессоры студенттерге дәріс оқуға арнайы келіп кетті. Ал ұзақ мерзімді негізде профессор Ли Бенг Джо оқытушылық қызметпен айналысады. Университетте Корея тарихы, мәдениеті, саясаты, экономикасы және корей тілін үйрену мен оны жан-жақты зерттеуге бағытталған Халықаралық корейтану орталығы табысты жұмыс істейді.

**Айнұр АҚЫНБАЕВА**



# Жастармен еркін форматтағы жүздесу

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев білім алушы жастармен кездесті.**

Кездесуде ҚазҰУ басшысы еліміздің болашағы өскелең ұрпақтың қолында екеніне тоқталып, университет тарапынан жастарға, олардың идеялары мен ұсыныстарына әрқашан қолдау көрсетілетінін айтты. Жастарға Жансейіт Түймебаев 90 жылдық тарихы бар университеттің екінші даму жоспарын таныстырды. «Жоспар бойынша қалашықта оқу корпустары, емхана, жатақханалар, технопарк, ғылыми орталықтар, спорттық нысандар салынады. Мұның барлығы студенттердің игілігі үшін», – деді ректор.

Өз сөзінде ҚазҰУ басшысы жастарды қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысуға және университетті жаңғырту процесіне өз үлестерін қосуға шақырды. «ҚазҰУ студенті болғаннан кейін сіздерге де артылар жүк жеңіл емес. Әлемдік аренада бәсекеге қабілетті болу үшін көп оқып, ғылыммен, білімде, спортта озат болу қажет. Яғни біздің университеттің жастары жаһандық деңгейдегі жаңа жобаларды жүзеге асырып, ғылыми жаңалық ашуы керек», – деді ЖОО басшысы.

Жүздесуде Жансейіт Түймебаев студенттердің белсенділігін арттыру бойынша ұйым басшыларына бірқатар тапсырмалар берді.

**Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ**



# Қазақстан – Әзірбайжан рухани байланысы

**Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жуырда Әзірбайжанға жасаған мемлекеттік сапары жемісті болды. Тараптар сауда-экономикалық, көлік-транзиттік, энергетикалық, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық, сондай-ақ цифрландыру, азық-түлік қауіпсіздігі және жаңартылатын энергия көздері салаларындағы ықпалдастық бойынша келіссөз жүргізді. Соның нәтижесінде 10-нан астам құжатқа қол қойылды.**



Әрине, ынтымақтастық негіздері рухани, мәдени-гуманитарлық, ғылыми байланыстарда жататыны анық. Әзірбайжан Президенті Илхам Әлиевтің «Қазақстан мен Әзірбайжан – бауырлас мемлекеттер. Халқымыз ғасырлар бойы тату, бауырлас ел ретінде ынтымақтастықта өмір сүріп келеді» деген сөздері екі халықтың тарихи бірлігін паш етеді.

Түрік халықтары ретінде екі елді ортақтастыратын әдеби, мәдени, тарихи, рухани дүниелер аз емес. Мәселен, солардың қатарында Қорқыт атаның «Китаби Дедем Қорқыт», Махмұд Қашқаридың «Диуан Луғат ат-Түрік», Жүсіп Баласағұн мен Низами Гәнжауидың үндескен трактаттарын, Нәсир әд-Дин әт-Туси мен Имамеддин Насимидің философиялық ойларын атауға болады.

Тәуелсіздіктен соң екі ел арасындағы интеграция белсенді жүрді. 1993 жылғы шілдеде Алматы қаласында алты ел – Әзірбайжан Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Түрікменстан Республикасы, Түрік Республикасы және Өзбекстан Республикасы «ТҮРКСОЙ мен оның жұмыс істеу қағидаттары туралы шартты бекіту» жөніндегі шартқа қол қойды. Бұл ұйым түрік халықтарының интеграциясы идеясын заңнамалық және ұйымдастырушылық шеңберге рәсімдеген алғашқы құрылым.

Ал 2009 жылғы қазанда Нахычеван қаласында өткен Түріктілдес мемлекеттердің IX саммитінде кездесулер форматын толыққанды халықаралық (дәлірек айтқанда, өңірлік) саяси ұйым форматына айналдыру туралы тарихи шешім қабылданды. Бұл – Түріктілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесін құру. Түрік кеңесі қызметінің негізгі мақсаттары экономикадағы, мәдени-гуманитарлық салалардағы байланыстарды нығайту және экологиялық қауіпсіздікті дамыту болады деп белгіленді.

Әрине, мұндай маңызды саяси шешімдер түріктілдес мемлекеттер арасындағы ғылыми ынтымақтастыққа зор мүмкіндік ашты. Бір ғана мысал – Астанада құрылған Халықаралық түрік академиясының қызметі. Дегенмен ынтымақтастықтың сипаты нақты көрініске ие болу үшін біз оны әріптесіміз, философия ғылымының докторы, профессор Ғазиз Телебаевтың мысалында көрсетуге бел будық.

Әзірбайжан мен Қазақстан арасындағы ғылыми байланыс 2008 жылы қарқын алды. Сол жылы Астанада «XX ғасырдағы астаналар ауысуы» деген атаумен халықаралық конференция өткен болатын. Конференцияның белсенді мүшелерінің бірі болып техника ғылымының кандидаты, EmSa Co.ltd компаниясының президенті Эмиль Ахундов келді. Оның баяндамасы сол кезде қызу талқыға түскен Әзірбайжан астанасын көшіру мәселесіне арналды. Ғалымның негізгі ойы – Баку қаласынан астананы көшірмей, теңіз жағалауындағы бос жерлерге жаңа қала салу.

Ахундов мырза соңғы кездері әлемде астана ауыстыру тенденциясының күшейіп жатқанын, соңғы жарты ғасырда әлемде 17 мемлекет астана ауыстырғанын тілге тиек етті. Сонымен қатар ол Қазақстанның жаңа астанасында халықаралық орталық ашу қажеттігі жөнінде бастама көтерді. Ол орталықтың қызметі астана ауыстыруға бел буған мемлекеттерге кеңес беру болу керек. Бір өкініштісі, бұл бастама мемлекеттік органдар тарапынан қолдау таппады.

2013 жылы Астанада «Астаналар туризм мен көрмелер орталықтары» атауымен алтыншы жыл сайынғы халықаралық конференция өткен болатын. Сол конференцияға Бакуден Низами Гәнжәуи атындағы Ұлттық әдебиет музейінің ғылыми қызметкері, PhD Назмин Джафарова келіп қатысты. Ғалым әлем астаналарында бар музейлердің қызметін талдап, Бакуде қала тарихын бейнелейтін музей ашу керектігіне тоқталды. Баяндамада музей концепциясы жоғары ғылыми деңгейде жазылғаны байқалды. Конференцияда біраз қатысушылар әлемдік тәжірибені ескеріп, Қазақстан астанасына арналған жаңа музей ашылса деген бастама көтерді.

Келесі, 2014 жылғы конференция «Ақпараттық қоғам контекстіндегі астаналар» атауымен өткізілді. Оған бір топ әзірбайжан ғалымдары қатысты. Баку мемлекеттік университетінің оқытушылары Хормет Джавадова пен Сабира Нейматзаде, Әзірбайжан Ұлттық ғылым академиясының ғылыми қызметкері Сабина Нейматзаде ақпараттық қоғам қалыптасуы туралы баяндама жасады. Баяндамада Әзірбайжан Республикасында интернеттің таралуы және жаңа ақпарат құралдарының пайда болуы талқыланды.

Ұлттық әдебиет музейінің ғылыми қызметкері, PhD Назмин Джафарова ақпараттық қоғам жағдайында музейлердің жұмысын жандандыру туралы сөз қозғады. Музейлерді насихаттауда интернет пен басқа да коммуникацияларды тарту мәселелерін кеңінен ашып көрсетті.

Мектеп оқытушысы Вагиф Абасов нақты мысал келтіре отырып, Баку қаласын насихаттау мәселесін көтерді. Оның айтуынша, «Біздің Баку» («Our Baku e.V.») сайты (ourbaku.com) қала тарихын сақтап қалуда, жерлестердің байланыстарын үзбеуге көп еңбек етуде.

Кейіннен профессор Ғазиз Телебаев Көшпелілердің мәдени мұрасы проблемалары жөніндегі қазақ ғылыми-зерттеу институтының директоры қызметін атқарған кезде «Тарихи-мәдени мұра және заманауи мәдениет» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинар өткізген болатын. Оның жұмысына бір топ әзірбайжандық ғалым қатысты.

Әзірбайжан сәулетшілер кеңесінің төраға орынбасары Фархад Моллазаде елдегі тарихи шаһарлардың архитектуралық келбетінің қалыптасуына тоқталды. Негізгі мәселелер деп ол қалалардың экологиялық ахуалы, тарихи-мәдени келбетінің сақталуы, ескі ғимараттарды қалпына келтіруді атады.

Профессор, Әзірбайжан ҒА Сәулет және өнер институтының директоры Эртегин Саламзаде түрік дүниетанымында «тамға» мен «тұғ» символикалық концептілерінің орнын анықтауға арналған мағынаға толы мақала ұсынды. Мақалада осы символдардың қазақ және әзірбайжан тарихында орын алғаны кеңінен талданды.

Қазақ-әзірбайжан ғылыми ынтымақтастығы сонымен бірге екіжақты болғанын айта кету керек. Философия ғылымының докторы, профессор, АҒА Философия және әлеуметтану институты «Қазіргі заманғы философия мәселелері» бөлімінің басшысы Али Абасов керемет ғылыми жоба бастаған еді. Қазіргі заманғы философия мен гносеология мәселелеріне арналған басылымдар сериясын шығару. 2011-19 жылдары бірінші серияның 10 кітабы, 2021-23 жылдары екінші серияның тағы үш кітабы жарық көрді.

**Түрік халықтары ретінде екі елді ортақтастыратын әдеби, мәдени, тарихи, рухани дүниелер аз емес. Мәселен, солардың қатарында Қорқыт атаның «Китаби Дедем Қорқыт», Махмұд Қашқаридың «Диуан Луғат ат-Түрік», Жүсіп Баласағұн мен Низами Гәнжауидың үндескен трактаттарын, Нәсир әд-Дин әт-Туси мен Имамеддин Насимидің философиялық ойларын атауға болады.**

Профессор Ғазиз Телебаев сол сериясының «Тарих философиясы: ретроспектива және перспектива» (2018), «Ұлттық философия» (2019) және «Мәдениет және әлеуметтік өмір реформалары философиясы: әлем, ТМД, Әзірбайжан. Қоғамның әлеуметтік-рухани өмірі» (2023) ұжымдық монографияларының авторы болды.

Оның «Түрік жазба деректеріндегі «TENIRI» және «QUT» категориялары», «Түрік философиясы: тарихи ретроспективадағы негізгі ұғымдар» және «Cultural policy concept in the Republic of Kazakhstan – new horizons in cultural development» атты мақалалары әзірбайжан ғалымдарының тарапынан жоғары бағаға ие болды.

Профессор Ғазиз Телебаев тарапынан ғылыми ынтымақтастық көріністері екіжақты болды: мақала тақырыптары және Бакуде өткен конференцияларға қатысу. Мысалы, кейінгі жылдары оның қаламынан шыққан мақалалардың біразы былай аталды: «Түрік философиясындағы түрік және араб дәстүрлері: Қожа Ахмет Ясауи мен Жүсіп Баласағұн», «Философские миры Низами Гянджеви и Жусупа Баласагуни», «Кожа Ахмет Ясави, Омар Хайям и Алишер Навай о человеке», «Понятие Тенгри в орхоно-енисейских источниках и памятнике Codex Cumanicus», «Философские понятия у Кашгари и Баласагуни и формирование тюркской картины мира».

Ал ғалым Әзірбайжан жерінде қатысқан конференциялар атаулары: «Görkəmli türkoloq, professor Bəkir Çobanzadənin anadan olmasının illik yubileyinə həsr olunmuş «Azərbaycan dili: dünən və bu gün» mövzusunda Beynəlxalq elmi konfrans» (2018), «Tarixin fəlsəfəsi: retrospektiv və perspektiv. Философия истории: ретроспектива и перспектива. The Philosophy of History: Retrospective and Perspective» (2018), «Xalqlari qovuşduran Xəyyam sözü. Beynəlxalq konfrans» (2018), «Klassik Azərbaycan ədəbiyyati və incəsətinin milli ózónótəsdiqdə və Mərkəzi Asiyadaki mədəni yeri. Beynəlxalq konfrans» (2020), «Nizami Gəncəvi "Xəmsə"sinin Şərq-Qərb ədəbi-mədəni əlaqələri sistemində yeri və yaratdığı yeni istiqamətlər: Dahi Azərbaycan şairi Nizami Gəncəvinin anadan olmasının 800 illiyinə həsr olunmuş beynəlxalq elmi konfrans» (2021).

Ынтымақтастықтың жоғары деңгейі профессордың 65 жылдық мерейтойына арналған ғылыми конференцияда дәлелденді. Конференцияға жіберген құттықтауында профессор Али Абасов былай деп жазды: «Мен қазақ философының ғылыми қызметі мен шығармашылығына берілген жоғары бағаны растағым келеді. Профессор Ғазиз Телебаев біраз жыл бойы Әзірбайжан Ұлттық ғылым академиясы шығарған көптомдық зерттеуге белсенді қатысты. Әлемнің көптеген елінің ғылыми қауымдастығы (әртүрлі монографияларға 15-20 елдің өкілдері қатысты) оның танымдық мақалалары есте қалардай деңгейде жазылғанын бағалады. Философияның қазіргі мәселелері бойынша жарияланған монографиялардың авторлары профессор Ғазиз Телебаевты жеке танитынын және оның ғылыми-философиялық шығармашылығын жоғары бағалайтынын жеткізгенін айта кеткен жөн. Біздің сырттай ынтымақтастығымыз профессормен жеке танысумен жалғасты. Философиялық және этноконфессиялық проблемаларды зерттеу әдіснамасына арналған көптеген талқылауларымыз есімде қалды».

Осылайша әзірбайжан-қазақ ғылыми ынтымақтастығы түркі бірлігін нығайту қамалының бір кірпіші болып қаланула.

**Бекжан МЕЙІРБАЕВ,**
*философия және саясаттану факультетінің деканы*

**Әсет ҚҰРАНБЕК,**
*Философия кафедрасының меңгерушісі*

№26 (1938) 9.07.2024 ЖЫЛ АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ WWW.FARABI.UNIVERSITY

# Спортты серік еткен ғалым

**Көрнекті ғалым, химия ғылымының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қауымдастырылған профессоры Тілеутай Сәрсенбайұлы мерейлі 70 жасқа толды. Тілеутай Әбілдин Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, Ресей жаратылыстану ғылымдары академиясының мүшесі.**



Тілеутай Сәрсенбайұлы гетерогенді катализ және мұнай химиясы саласындағы жетекші ғалым. Оның еңбек жолы ҚазҰУ-мен тығыз байланысты. Тілеутай Сәрсенбайұлы 1971 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің химия факультетіне түсіп, 1976 жылы осы факультеттің Катализ және техникалық химия кафедрасын бітіргеннен бүгінгі таңға дейін ҚазҰУ-да ғылыми-білім беру жүйесінде қызмет етіп келеді (Физикалық химия, катализ және мұнайхимия кафедрасы, Жаңа химиялық технологиялар және материалдар ғылыми-зерттеу институты).

Т.Әбілдин студент, инженер, ғылыми қызметкерден бастап, химия ғылымының докторы, университеттің бас ғылыми қызметкері болды. Өзінің еңбек жолында ол ғылыми зерттеулер жүргізіп, алынған нәтижелерді өндіріске практикалық түрде енгізумен әрдайым айналысады.

Қазіргі уақытта көрнекті ғалым Т.Әбілдиннің ғылыми ізденістері гетерогенді катализ және көмірсутек шикізатын қайта өңдеу саласындағы өндірістік мәселелерге бағытталған. Ол 150-ден астам ғылыми жарияланымның авторы, оның ішінде бес КСРО авторлық куәлігі, ҚР патенті, екі ғылыми монография, бір оқу құралы бар. Мұның өзі үлкен еңбек. Scopus және Web of Science базаларының деректері бойынша нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық ғылыми журналдарда 12-ден астам жарияланымы шыққан. Басқа да ғылыми журналдарға мақала жазып тұрады, халықаралық конференция материалдарына 20-дан астам жарияланымы енген, h-индексі – 5.

Тілеутай Сәрсенбайұлының мотор отындарын және басқа да органикалық өнімдерді алу үшін қолданыста болған түрлі майкалы майларды гетерогенді-каталитикалық өңдеу (кәдеге жарату) саласында көпжылдық зерттеу тәжірибесі бар. Оның тікелей қатысуымен жасалынған γ-децилоксипропиламин мен октадециламинді – «флотаминді» 95-98 пайыз шығыммен алу азқалдықты технологиясы Долгопрудный химиялық нәзік органикалық синтездеу зауытында өндірістік қолданысқа ұсынылды (ДХНОСЗ, Мәскеу облысы), сонымен бірге терефталонитрилді п-ксилилендиаминге дейін катализдік гидрлеу процесін оптимизациялау барысындағы зерттеу жұмыстарында оның шығымы 97-98 пайызға жеткізілді.

2015-17 жылдары «Изофталонитрилді және оның терефталонитрилмен қоспасын гидрлеу арқылы, термотұрақты полимерлер алуға керекті мономерлерді – м-ксилилендиамин және оның п-ксилилендаминмен қоспасын катализдік синтездеу технологиясы» МҚ жобасының тең жетекшісі болды.

Тілеутай Сәрсенбайұлы ғылыми жұмыспен айналыса жүріп, педагогикалық қызметті де қатар алып кедеді. Физикалық химия, катализ және мұнайхимия кафедрасының профессоры «Өнеркәсіптегі кинетика және катализ», «Мұнай, газ және көмірдің заманауи технологиялары», «Техникалық көміртекті өндіру және қолдану», «Көмірсутектік газдарды өңдеу» және т.б. пәндер бойынша дәріс береді. Ғалымның жетекшілігімен «Мұнайхимия» мамандығы бойынша магистранттар мен PhD докторанттар ғылыми зерттеулер жүргізіп, диссертация қорғайды.

Зерделі ғалым университеттің қоғамдық жұмыстарына белсене араласып, студент кезінде факультеттің «Азаматтық қорғаныс» ұйымының жетекшісі және «Флогистон» ансамблінің әншісі болған. Ол университет қабырғасында алғаш рет самбо күресімен айналысып, 2-3 жыл ішінде (19 жасында), 1974 жылдың көктемінде Ташкент қаласында өткен Бүкілодақтық жарыста жүлделі орынға ие болды. Тілеутай Сәрсенбайұлына спорттағы жеңісі үшін самбо күресінен «КСРО спорт шебері» атағы берілді. Ол Қазақстан студенттері арасындағы жыл сайын өтетін республикалық біріншіліктің талай рет чемпионы атанып, ҚазҰУ-дың спорттық даңқын асқақтатуға атсалысты. Сонымен, Тілеутай Сәрсенбайұлы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті бойынша самбо күресінен тұңғыш КСРО спорт шебері болып саналады.

Бүгіндері Тілеутай Сәрсенбайұлы ҚазҰУ-дың дәстүрге айналған факультетаралық «Денсаулық» спартакиадасына оқытушы-профессорлар құрамында спорттың әр түрінен сайысқа түсіп, студенттерге салауатты өмір салтын ұстануды насихаттауда. Ғалым, ұстаз, спортты серік еткен Тілеутай Әбілдин Қазақстанның жоғары білімі мен ғылымының дамуына өз үлесін қосып жүр.

2014 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға сіңірген зор еңбегі үшін «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне – 80 жыл» мерекелік медалі және 2024 жылы университеттің білім мен ғылымын дамытуға қосқан зор үлесі үшін «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

ҚазҰЖҒА және РЖҒА академигі Т.Әбілдин 2022 жылы ғалымдар, оқытушылар және мамандардың халықаралық қауымдастығы мен Ресей жаратылыстану академиясының Қазақстан ғалымдары арасындағы ұзақ жылғы жемісті ынтымақтастықтың белгісі ретінде әлемдік ғылымның дамуына ерекше үлес қосқан ғалымдарға берілетін «Ерен еңбегі үшін» медалін кеудесіне тақты.

Тілеутай Сәрсенбайұлы қазір Жаңа химиялық технологиялар және материалдар ҒЗИ бас ғылыми қызметкері және бәсекеге қабілетті бірқатар кешенді қасиеттері бар материалдар алу үшін көмірсутегі шикізатын қайта өңдеудің әдістері мен технологияларын әзірлеуде.

**Ләйла КУДРЕЕВА,**

**Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ**

**Заман талабына сай ғылымға қызмет етіп, зерттеу жұмыстарын жүргізіп, өз саласының үздігі атанғандар көп. Әрине, ғылым жолы сан қилы сала болса, сол сан тарау жолдың бойымен өрлеп, өз мамандығының беткеұстар азаматына айналғандар да аз емес.**

# Далалық ғылыми-зерттеу жұмысының майталманы



Солардың бірі – География және су ресурстары институты гидрохимия және экологиялық токсикология зертханасының жетекшісі, PhD, қауымдастырылған профессор Азамат Сансызбайұлы. Еңбек жолын метеорологиялық станцияда техник-метеоролог болып бастаған ғалым білімнің қара шаңырағы – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың бакалавриатын «Метеорология» мамандығы бойынша 1998 жылы аяқтаған. Осы кезден бастап ғылым саласына алғашқы қадамын жасады десек қателеспейміз. Себебі 2003 жылы экология магистрі атанып, өзі оқыған оқу орнында ұстаздық қызметін бастады. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, жол көрсетіп, ғылыми бағыт-бағдар берді. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға», – деп Абай атамыз айтпақшы, оқытушылық қызмет атқара жүріп, қаншама жастың метеорология ғылымына деген қызығушылығын оята білді. Осы мақсатта Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары студенттеріне арналған мемлекеттік тілдегі екі оқу құралын жазды. Сонымен қатар екі монографияның жеке авторы болса, бірлескен төрт монографияның авторы. Бұдан бөлек, ағылшын-орыс-қазақ тілдерінде метеорологиялық сөздігін дайындаған. Азамат Сансызбайұлы шәкірттерімен қатар, өзін де дамытуды естен шығарған емес. Оған Ресей мемлекеттік гидрометеорологиялық университетінде, А.И.Воейков атындағы Бас геофизикалық обсерваторияда және Ұлыбританияда өткен тағылымдамалары дәлел.

Азамат Мәдибеков ең ауқымды түрде жүзеге асқан 20-дан астам кешенді далалық ғылыми-зерттеу жұмыстарын басқарды. Сондай-ақ осы зерттеу жұмысының аясында еліміздегі көлдер мен өзендердің төлқұжатын дайындау барысында жауапты орындаушы, далалық ғылыми-зерттеу жұмыстарына басшылық етіп, құнды ақпараттар мен тың мәліметтердің жарыққа шығуына әсерін тигізді. Оның айқын дәлелі – Қазақстанның барлық аймағындағы 200-ден аса көл мен өзендерге барып жасаған зерттеулері. Мұндай жұмыстардың не-



гізгі мақсаты – республикамыздағы су ресурстарын басқарудың тиімді жолын ұсыну және арттыру. 2021 жылы Балқаш-Алакөл, Ертіс, Есіл және Нұра-Сарысу аймағындағы шағын көлдерді картографиялық тәсілдермен сәйкестендіріп төлқұжатын дайындаған. 85 шағын көлге гидрофизикалық және гидрохимиялық өлшеулер жүргізілген. Нәтижесінде тұзды, кеуіп жатқан көлдер анықталып, олардың жоғалуының алдын алу үшін қандай шаралар жүзеге асырылу керектігі нақтыланды. Бұдан бөлек, зерттеу қорытындыларының арқасында шағын көлдердегі су құрамы да анықталды. Азамат Сансызбайұлының бұл салада да жеткен жетістіктері аз емес. Білім мен ғылымға сіңірген еңбегінің арқасында бүгінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Су ресурстарын, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін ұтымды пайдалану, экология» басымдығы жөніндегі ұлттық ғылыми кеңес төрағасы қызметін абыроймен атқарып отыр. Онымен қоса, ұзақ мерзімді зерттеу жүргізіп, ғылымға қосқан үлесі үшін «Құрмет» грамотасымен марапатталды.

Елімізде ғылыми зерттеумен айналысып, қоғамға пайдасын тигізіп жатқан қаншама адам бар. «Ғалымның хаты өлмейді» демекші, ғылымға үлес қосушылар үшін халықтың құрметінен асқан марапат жоқ екені анық. Сондықтан олардың жасаған еңбегін ескеріп, атқарған қызметін айтып отыруды естен шығармау қажет.

**Аделина БЕКБОЛАТҚЫЗЫ**

**В этом году 16 июля исполняется 80 лет со дня рождения общественного и государственного деятеля, писателя-журналиста, президента Академии журналистики Казахстана, доктора исторических наук, профессора Козыбаева Сагымбая Кабашевича.**

# Немеркнущее перо великого учителя журналистов



Сагымбай Козыбаев – президент Академии журналистики РК, доктор исторических наук (1988), профессор (1989), действительный член четырех академий. После окончания факультета журналистики Ленинградского государственного университета работал в системе Гостелерадио СССР. Автор ряда энциклопедий и научно-публицистических книг, изданных также в Москве. Основатель и президент Академии журналистики Казахстана, олицетворяющей в лице ее членов все ведущие масс-медиа страны (с 2001 года). С 1974 года по настоящее время работает в КазНУ им. Аль-Фараби, прошел все ступени научно-педагогической деятельности, был деканом факультета, более четверти века – заведующим кафедрой.

Сагымбай Козыбаев имеет в своём активе десятки наград и званий. Шестикратный лауреат премии Союза журналистов Казахстана. Награжден орденом «Құрмет» (2022), Почетными знаками «За заслуги в развитии науки РК» (2001), «Мәдениет қайраткері» (2006), «Почетный журналист Казахстана» (2009). Обладатель международных премий «Евразия», имени Олжаса Сулейменова, «Алтын адам», именных премий имени Б. Булкышева, А.Ахметалимова, Серебряной медали имени Аль-Фараби за особые заслуги перед КазНУ. Награжден государственными медалями, почетной грамотой РК, медалью «Алтын самұрық», отмечен благодарственным письмом Президента РК, лауреат премии Президента РК в области СМИ (2011).

Профессор Козыбаев С.К. – один из основоположников казахстанской научной журналистики, известный писатель, ученый и заслуженный педагог в области журналистики, Учитель тысячи работников СМИ многих поколений. В этом году университету 90 лет, а Сагымбай Кабашевич провел в его стенах более полувека. За эти годы стал научным руководителем 8 докторов наук, в том числе PhD, 26 кандидатов наук, автором более 50 книг. Имеет звания академика Академии политических наук Казахстана, академика Евразийской международной экономической академии, президента Академии журналистов Казахстана.

Сагымбай Козыбаев – первый доктор исторических наук в СССР, защитивший докторскую диссертацию по совокупности опубликованных работ в форме научного доклада по истории печати, радио и телевидения в Москве. Уже в те годы он становится все более популярным в мировой журналистике. В 1987 году Сагымбая Козыбаева пригласили читать лекции в вузы Германии, затем в 1993 году он посетил США и прочитал лекции в 9 государственных университетах. В последующие годы его лекции слушали студенты вузов Турции, Сингапура, России, Узбекистана и др. стран дальнего и ближнего зарубежья. Сегодня на факультетах и отделениях журналистики страны открыт специальный курс «Творческая мастерская», где также обучается и изучается творчество Сагымбая Козыбаева. Таким образом, Сагымбай Кабашевич за пятьдесят лет непрерывной работы на факультете журналистики сформировал свою большую научную школу.

Одним из первых организаторов международных научных конференций по журналистике в СССР является профессор Сагымбай Козыбаев. В 1988, 1990, 1992 годах Сагымбай Кабашевич провел три всесоюзные и международные научно-практические конференции. Например, в конференции 1990 года приняли участие 163 ученых со всех концов СССР. Организовать всесоюзную и международную научно-практическую конференцию в те времена было непросто. Благодаря организаторской способности Сагымбая Козыбаева все они прошли на высшем уровне. В 2006 году мастер пера издал «Энциклопедию казахстанской журналистики». Объемное научное издание составляет 531 страницу, что сегодня стало ценным наследием для журналистского сообщества. Академия журналистики под его бессменным руководством позволяет сохранять в профессиональном сообществе высокий профессионализм и потенциал духовности, а учрежденные Академией премии «Алтын жұлдыз», «Алтын самұрық» и «Аққу» считаются высшими общенациональными журналистскими премиями государства. О человеке принято судить по его делам. Вся его профессиональная деятельность говорит о том, что он добросовестно и качественно выполняет своё дело и в этом служит примером для своих молодых коллег и студентов.

Поздравляем Сагымбая Кабашевича с юбилеем и желаем крепкого здоровья, долгих лет жизни и плодотворной работы в атмосфере благодарного почтения и глубокого уважения!

**Каиржан ТУРЕЖАНОВ,**
*академик Академии журналистики Казахстана*

**В Хэйлунцзянском университете (Китай, город Харбин) прошел первый Харбинский международный саммит по цифровой гуманитаристике на тему: «Цифровая гуманитаристика на современном этапе: опыт, проблемы, перспективы».**

# I Харбинский саммит по цифровой гуманитаристике




В нем приняли участие: кандидат исторических наук, исполнительный директор объединения юридических лиц «Ассоциация выпускников КазНУ имени Аль-Фараби» Кулгазира Балтабаева, кандидат исторических наук, доцент Сауле Жакишева и докторант 1 курса филологического факультета КазНУ Айгуль Карканова.

Хэйлунцзянский университет был основан Коммунистической партией Китая и входит в число лучших вузов в стране. Целью конференции было создание площадки для профессионального диалога ученых и практиков по вопросам изучения и преподавания ключевых вопросов по применению технологий искусственного интеллекта в сфере гуманитарных наук, образования, культуры, искусства в вузе, школе.

Во время саммита выступил с докладом профессор Цзун Чэнцин (Китайская академия наук), на тему: «Метод нейронного декодирования мозга на основе большой языковой модели». Как отметил докладчик, с конца 2022 года большая языковая модель, представленная ChatGPT, стала предметом пристального внимания всего мира, которая не только становится новой исследовательской парадигмой в области искусственного интеллекта, но и открывает новые возможности для изучения нейронных механизмов понимания языка человеческим мозгом. Как же мозг характеризует язык? Можно ли эффективно декодировать язык мозга на основе таких данных, как нейровизуализация мозга и ЭЭГ? Для решения подобных вопросов в докладе сначала были представлены два набора данных: функциональная магнитно-резонансная томография (fMRI) и мультимодальный одновременный набор данных нейровизуализации для изучения концептуальной репрезентации китайского языка, а затем представлен метод нейронного декодирования лексического и непрерывного текста на основе предварительно обученной языковой модели.

Также был заслушан доклад кан.и.н., С.А.Жакишевой (КазНУ имени Аль-Фараби) на тему: «Элиминация казахских баев в конце 1920-х гг. в контексте Digital History». По словам спикера элиминация элиты казахского аула в конце 1920-х гг., является прологом репрессивной кампании периода форсированной коллективизации и насильственной седентаризации номадов. Уничтожение так называемых байских «полуфеодальных» хозяйств и огромного влияния их владельцев, сопротивлявшихся «советизации» аула, способствовало апробации и масштабированию репрессий против аграриев, оперативной разработке и диверсификации антиправового инструментария репрессивного аппарата. В презентации были показаны классификационный метод, контент-анализ, математико-статистические методы, методы Data Science, компьютерный анализ проблемы. В результате исследования учеными были получены абсолютно новые качественные и количественные сведения по общему числу конфискованных хозяйств. Выявлены логика запуска механизма репрессий против баев, середняков и даже бедняков, альтернативный взгляд на силовую модернизацию и репрессии как со стороны аульчан традиционного общества, так и власти.

Первая международная научная конференция по цифровой гуманитаристике в Харбине открыла уникальные возможности встреч и обсуждений как признанных авторитетов, так и молодых ученых в заявляемых областях знаний со всего мира, поскольку вопросы развития цифровой гуманитаристики и разнообразных областей технологий искусственного интеллекта на сегодняшний день приобретают особую актуальность и быстрое развитие.

**А.КАРКАНОВА,**
*докторант 1 курса филологического факультета*

**В рамках педагогической практики студентов магистратуры первого курса специальности «Механика и энергетика» был проведен открытый урок для студентов бакалавриата 2-го курса казахского отделения специальности «Механика» по теме «Сохранение экосистем суши». Было организовано успешное мероприятие совместно со студентами по посадке саженцев 4 видов (каштан, катальпа, гибискус, туя) на территории механико-математического факультета.**

# Мы за сохранение экосистем



Это был важный шаг к достижению Целей устойчивого развития, способствуя зеленому благоустройству и снижению уровня углеродного следа. Наши студенты активно включились в процесс посадки, демонстрируя не только свои навыки в сфере экологии, но и позитивное отношение к заботе о окружающей среде. Мы вместе обсудили важность сохранения деревьев и растений для нашей планеты и будущих поколений.

Это событие стало не только отличной возможностью для практического опыта, но и вдохновило участников на дальнейшее вовлечение в проекты по охране окружающей среды. Наша кафедра гордится этим достижением и надеется, что наша работа продолжит вносить позитивный вклад в борьбу за экологическую устойчивость.

**Карлыгаш АЛИБАЕВА,**
*PhD, старший преподаватель кафедры механики*

№26 (1938) 9.07.2024 ЖЫЛ АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ WWW.FARABI.UNIVERSITY

**Our students took part in the «Do You Know Chemistry?» intellectual competition at Kazakh National Medical University in the anatomical hall named after Manshuk Mametov on May 24.**

# «Do you know chemistry?» intellectual competition for medical students






The team consisted of 10 students of the English group: Burhan Zaim - team captain, Ehsanullah Salimi, Hafid Abdullah, Tanveer Tayeba, Mehmood Muhammad Shariq, Bismillah Ahdishmand, Hameedullah Anwar, Abdulwahid Sheena Adil Ahammed, Garima Chauhan and Haorongbam Banerjee. The team was prepared by teachers G. Akanova, A. Shevchenko and course lecturer K. Kashaganova.

Each team chose a box of questions: "What is this?", "Cat in the box", etc. There were questions on general chemistry, organic chemistry, biochemistry, and fun questions.

The competition was successful, friendship won, and all participants were awarded diplomas and books. Such events allow students to communicate more closely with each other, help them gain experience, and find friends, in other words, these are good networking for medical students. Our students are very active, well-rounded, and talented. We wish our students success in all their future endeavors.

**Gulsara AKANOVA,**
*Senior Lecturer of Fundamental MedicineFaculty of Medicine and Health Care*

# Opportunities for young university graduates

**In a world where academic qualifications often face scrutiny against professional experience, KazNU Profile School dared to challenge conventions. It's where my journey began as the lone bachelor's degree specialist amidst a cohort of seasoned professionals. This unprecedented opportunity extended by KazNU Profile School not only affirmed my capabilities but also became the cornerstone of my professional growth and development.**




At a time when it is increasingly difficult for young university graduates to find a first job to gain experience, it is very important that organizations, which have declared themselves among the most advanced in their field, provide opportunities for young graduates. In 2022, being only a newly graduated specialist of the Kazakh University of International Relations and Foreign Languages named after Abylai Khan, the Profile School gave me a great opportunity to develop and gain experience in my professional activities. Now, I am a teacher of the subject "English" for students of a KazNU Profile School.

KazNU Profile School's commitment to professional development was unparalleled. The institution provided ample opportunities for me to expand my skills through workshops, seminars, and access to cutting-edge resources. This investment in my growth not only enhanced my teaching abilities but also instilled in me a sense of confidence to navigate the evolving landscape of education.

Moreover, the collaborative culture at facilitated cross-disciplinary engagements. Working alongside educators from various fields enriched my understanding of holistic education, allowing me to integrate interdisciplinary approaches into my English Language curriculum.

KazNU Profile School didn't confine its support to the classroom alone; they recognized the importance of community engagement and encouraged participation in extracurricular activities. Cinsequently, I am experiencing a role of a grade mentor. This very role gave me loads of opportunities. Being a mentor is more than just guiding students academically; it involves fostering personal growth, offering support, and serving as a role model. These opportunities fostered connections beyond the academic realm, enriching the overall educational experience for my students and me.

Reflecting on my tenure at KazNU Profile School fills me with immense gratitude for an institution that not only recognized my expertise as a bachelor's degree specialist but also provided an environment conducive to my growth and professional fulfillment. Their commitment to nurturing talent, embracing diversity, and fostering innovation has been the cornerstone of my journey as an English language educator.

As I continue to evolve in my profession, I carry with me the invaluable experiences and support that KazNU Profile School bestowed upon me. My journey at profile School stands as a testament to their visionary approach in fostering an environment where individual expertise is celebrated, and opportunities for growth are boundless.

Twelve years ago, the school began its work on the university campus and stepped in as a place of training and education of future leaders. It`s idea consisted of the task of giving children the opportunity to have a quality education that will help them succeed in life. The main task has been fulfilled, and today the Profile School has become an important part of the educational landscape of Kazakhstan.

**Nurai SERIKKAZINA,**
*English language teacher of KazNU Profile School*

# My Journey of Studying in KazNU

**I am Xu Pengyue from China. In 2017, within the framework of academic exchange program under the "Belt and Road Initiative", I chose to pursue my studies in Mechanics at the Kazakh National University. Currently, I am a first-year doctoral student.**

The decision to study in Kazakhstan stemmed from my curiosity about this vibrant and promising country. Kazakhstan maintains friendly relations with China, which further strengthened my confidence in choosing this destination. Being one of the top universities in Kazakhstan, KazNU attracted me with its excellent international academic reputation and strong faculty.

During my undergraduate studies, I was impressed by the high-quality teaching at KazNU. The professors here not only possess profound knowledge and superb teaching skills; they also focus on cultivating students' learning abilities and critical thinking skills, which will benefit students for life. Moreover, the university actively promotes international academic exchanges, providing students with extensive learning opportunities, such as academic exchanges with the University of Tokyo and the development of Kazakhstan's first and second academic satellites. These experiences enriched me and reinforced my determination to pursue further studies.

Under the careful guidance of my supervisor, Professor Rakisheva, I participated in a national scientific research program in Kazakhstan. We dedicated ourselves to researching methods for calculating and predicting the orbital position of spacecraft, under the influence of perturbation forces, and we successfully developed an efficient algorithm capable of delivering results within one second, and published our findings in an international academic journal. This research experience not only brought me valuable results but also honed my scientific research abilities and cultivated my teamwork spirit.




In Kazakhstan, I not only gained knowledge and personal growth but also formed deep friendships. I am especially grateful to my supervisor, Professor Rakisheva, who has been both a guiding light in my academic journey and a source of my spiritual support in Kazakhstan; I am also thankful to Dr. Kaliyeva for her generosity in academics and her care in life; I am also thankful to the faculty teachers of the Department of Mechanics for teaching me academically; and I am thankful to my classmates for ensuring that I am not alone in Kazakhstan.

Throughout these years, I have always obeyed local laws and regulations, respected local customs, actively integrated into local life, and worked hard towards promoting mutual understanding and exchanges between the people of the two countries. In China, I have endeavored to promote Kazakhstan and enhance Chinese people's understanding of it.

In the future, I will continue to strive for learning and research, contributing to the advancement of science and technology. Furthermore, I sincerely hope that KazNU will continue to excel, nurturing more outstanding talents for the world. I also hope that the friendship between Kazakhstan and China will endure, with deeper exchanges and cooperation across various fields.

**Xu PENGYUE,**
*1st year doctoral student of the educational program Space Engineering and Technology, Department of Mechanics*

# Мақсатым – оқу ордасының абыройын арттыру

**Биылғы оқу жылының көктемгі семестрінде өзімнің таңдаған мамандығымның оқу жоспарына сәйкес, өндірістік тәжірибеден өту кезеңі 3- 29 маусым аралығына сәйкес келді. «Табиғи-техногендік қауіп-қатерлер» мамандығында оқитын болғандықтан, тәжірибеден өту үшін Арыс қаласы төтенше жағдайлар бөлімшесімен келісімшартқа отырған болатынмын.**



Студенттер үшін төтенше жағдайлардағы тәжірибеден өтудің көптеген пайдалы жағын біліп қайттым. Мысалы, алғашқы медициналық көмек көрсету, эвакуациялау, құрал-жабдықтарды пайдалану, дағдарысты басқару туралы теориялық білім нақты қолдануды талап етеді. Біз стандартты емес жағдайлардан шыға отырып, нақты жағдайда әрекет етуге үйренеміз. Сонымен қатар тәжірибе жағдайды жылдам талдауды, белгісіздік пен уақыт қысымы жағдайында шешім қабылдауды талап етеді. Төтенше жағдай барысында түрлі мамандармен қарым-қатынас жасауға үйретеді.

Ең бастысы, тәжірибе студенттерге өздерінің күшті және әлсіз жағын бағалауға, қажетті кәсіби дағдыларды анықтауға және оларды дамытуға мүмкіндік береді. Менің түйгенім, тәжірибеден өту студенттердің өзіне деген сенімділігін нығайтуға, стандартты емес жағдайларда өз бетінше шешім қабылдау және әрекет ету дағдыларын меңгеруге жол ашады екен.

Арыс қаласы төтенше жағдайлар бөлімінде тәжірибеден өту барысында далалық өрт, ауыл ауласында күннің аптап ыстығынан құрғақ шөптердің өртенуі, шомылу маусымының ашылуына орай, адамдардың суға батып кетуі қаупі көптеп кездескен жағдайлар болды. Осындай кездерде аталған жағдайлардың алдын алу мақсатында тұрғындармен түсіндірме жұмыстарын жүргізу және төтенше жағдай болған кездегі көмек көрсету жұмыстарына белсене араластым. Мұндай жағдайда бастысы, төтенше жағдайлардағы тәжірибе кәсіби және қауіпсіз орындалуы керек екенін ескеру маңызды. Нақты модельдеулерді, арнайы жабдықты және білікті нұсқаушыларды пайдалану керек.

Жалпы, төтенше жағдайлардағы тәжірибе – бұл жай ғана оқу емес, студенттердің болашағына инвестиция, ол олардың заманауи әлемнің сынқатерлеріне дайын болуына және қоғамның қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Аталған мекемеде тәжірибеден өту барысында жасаған жұмыстарым мен регламенттік және нормативтік-актілік құжаттарды білу деңгейімен жоғары дәрежеде жұмыс атқарғаны үшін және өзіне жүктелген міндеттемелерін уақытында орындай білгенім үшін Алғыс хатпен марапатталдым. Бұл мен үшін өзімнің білім алып жатқан қара шаңырағым ҚазҰУ-дың абыройының асқақтауына сәл де болса тигізген үлесім деп білемін.

Осы тұрғыдан алғанда өзіме білім беріп жатқан оқытушыларыма және төтенше жағдайда тәжірибеден өту мүмкіндігі үшін университетіме шын жүректен алғысымды білдіргім келеді. Бұл тәжірибе менің кәсіби дамуым үшін өте маңызды болды. Сонымен қатар Арыс қаласы төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау майоры А.Бейсеновке де ерекше алғыс айтқым келеді.

**Ерасыл БАҚЫТҰЛЫ,**
*«Табиғи-техногендік қауіп-қатерлер» мамандығының 2-курс студенті*

# Зерттеушілер экспедицияға шықты

**ҚазҰУ ғалымдары егіншілік пен жайылымды пайдаланудың табиғи жай-күйіне далалық зерттеулер жүргізді.**

Далалық экспедицияға География, жерге орналастыру және кадастр, Картография және геоинформатика, Биоалуантүрлілік және биологиялық ресурстар кафедраларының оқытушы-профессорлар құрамы, сондай-ақ Ғарыштық технологиялар және Жерді қашықтықтан зондтау орталығының қызметкерлері қатысты.

Шөлейттену процесінің дамуын бақылау бағдарламасына климаттың өзгеруімен күресуге бағытталған Тұрақты дамудың 13-ші мақсаты және жердегі экожүйелерді сақтауға арналған 15-ші мақсаты енгізілді.

Экспедицияның негізгі міндеті ауыл шаруашылығы және жайылымдық жерлерді пайдаланудың қазіргі жағдайын зерделеу, шөлейттену процестеріне ықпал ететін негізгі факторларды анықтау және аумақтарды тұрақты басқару бойынша ғылыми-қолданбалы ұсыныстар әзірлеу болды.

Далалық жұмыстарды жүргізу барысында жоспардағы барлық (96) нүкте қаралды. Топырақ кескіндері арқылы сипаттау жүргізілді, топырақ үлгілері жинақталды, ұшқышсыз аппаратты қолдану арқылы ТАЖ сипаттамасы және өсімдік жамылғысының сипаттамасы жасалды. Кейбір бақылау нүктелерінде табиғи және жасанды (карьерлер) тау жыныстары зерттелді.

Далалық зерттеу кезеңінде топырақ үлгілері алынып, бақылау нүктелерінен видео және фотоматериалдар жасалды.

**Жанар ЖҰМАБЕКОВА,**
*журналистика факультетінің студенті*

**Филология факультеті шетел филологиясы (батыс тілдері) бөлімінің 1-курс студенті Барно Нарметова спорттық және жауынгерлік самбодан қыздар арасында Алматы қаласының чемпионатында бірнеше дүркін жеңімпаз атанған қайсар студент. Оқуда озат, өте зерек қыздың бойында спортқа деген қызығушылығын алғашқы кураторлық сабақтардан байқадым. Университетіміздің спорт залындағы күрес жаттықтырушыларына табыстап, сырттай бақылап жүрдім. Ерік күші мол, батыл мінезінің арқасында аз уақыт ішінде Барно бірнеше рет Алматы, Астана қалаларының ашық чемпионаттарында жеңіске жетіп жүрді.**

# Біз Барноға сенеміз!



Барно күрес залына алғаш рет 3-сыныпта оқып жүргенде барған екен. Кішкентай күнінде көп ауырып, әлсіздеу болғандықтан, анасы дзюдо үйірмесіне берген. Анасы қызының иммунитетін көтеру мақсатын көздесе, Барно спортты шынайы жақсы көріп, түрлі жарыстарға қатыса бастаған. Сол уақыттан бастап алғашында мектеп арасында, кейін Дашогуз қаласының чемпионаттарында, 2016 жылы Түрікменстанның Ашхабад қаласындағы ашық чемпионатта 1-орын алған.

Әр жылдары «Түрікменстан кубогы» атты және республикалық түрлі жарыстарда өнер көрсетіп, Түрікменстанның Лебап, Мары, Балкан, Ашхабад қалаларында өткен байрақты жарыстарда топ жарған. Мектеп бітіріп, 2023 жылы ҚазҰУ студенті атанған Барно өзінің сүйікті хоббиін тоқтатпай, кәсіби дзюдо, спорттық және жауынгерлік самбомен айналысты. Сондай-ақ университетіміздің спорт залында Нұрғалым Теміров, Файзолла Қойшыманов, Біржан Бақаев сынды оқытушылары күреске ынтасын арттырды, самбо, қазақ күресін үйретті. Алматы қаласының дзюдо турниріне



қатысып, 1-орын алды, сондай-ақ самбодан Алматы қаласында өткен ашық чемпионатта 2-орын, кейін 1-орын алды. Қазақ күресінен командалық жарысқа қатысып, жүлделі 3-орын иеленіп, Ұлттық студенттер лигасының финалдық кезеңіне қатысуға жолдама алды.

Болашақта Барно Нарметова универсиада, Азиада, олимпиада жарыстарында бой көрсетіп, үлкен аламан бәйгелерде жеңіске жетеді деген сенімдеміз.

**Индира ӘЗІМБАЕВА,**
*Шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының аға оқытушысы*

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры
**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры
**Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ**

**Бас редактор:** Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
**Жауапты хатшы-дизайнер:** Талғат КІРШІБАЕВ
**Тілшілер:** Қайыржан ТӨРЕЖАН, Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ, Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ
**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ
**Корректор:** Күләш ҚАДЫРБАЕВА

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

МЕКЕНЖАЙЫ:
- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: **kaznugazeta@gmail.com**
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.
**Газетке жазылу индексі: 64787**
Таралымы – 3000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq unıversıtetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.